Ж Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

# Бабамнан қалған нұрлы жұлдыз

( Әдеби музыкалық кеш)


Дайындағандар:

Уткельбаева Гульжахан

Миркибаева Роза


2021-2022 оқу жылы

**Сабақтың тақырыбы: Бабамнан қалған нұрлы жұлдыз**
***Мақсаты.***

1. **Мақсаты:** оқушыларды мемлекеттік тілдің өркендеп дамуына үлес қосуға талпындыру, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, топ алдында еркін сөйлеуге баулу
2. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына байланысты, оқушылардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру
3. Қазақстанның мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын арттыру, елін, жерін, өз тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

## Сабақтың барысы:

**Мұғалім сөзі:**

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЙЛЫ

Жыланның көзіндегі мейірімді ,
Қыранның көзіндегі мұңды
Бұлбұлдың үніндегі сағынышты ,
Аққудың бойындағы қан шерлікті ,
Қасқырдың жүрегіндегі имандықты түсіну,
Құстың қанатындағы таңбаны оқып ,
Шыбынның ызыңын ұғу ,
Жұмбақ әлемнен сыр шерту , бұл тек қана осы ұлы даланың киелі
Маруанақыра билеріне ғана бұйырған болса , осы тылсым сырларды
жеткізген де қазақтың тілі
Қазақты Қазақ еткен мейірімді тілі,
Мейманды досы,
Мархаббатты төрі
Мамыражай көңілі,
Бейбіт өмірі,
Шексіз пейілі,
Теңіздей сарқылмас өнері.
Еңбектегі өлермендігі,
Өшпейтін өсиеті.
Ұмытылмайтын қасиеті ,
Арыстандай аңқаулығы,
Айбынды азаматтығы,
Азбайтын ары мен ұяты,
Тозбайтын жұраты! (Қазыбек би)- деп Қазыбек би айтқан екен.

Ана тілімізді дәріптеу, өркендеуіне үлес қосу мақсатында «Бабамнан қалған нұрлы жұлдыз» атты әдеби кешімізді бастаймыз.

Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл екендігіне ешқандай да дау тумаса керек. Бұл тілде сөйлейтін қазақ халқы осынау сахара, сарлалада көне заманнан бері өмір сүріп, тіршілік жасап, осы тіл арқылы өмірлік қатынас жасап келеді. Ана тілі халқымыздың қоғамдағы қатынас тілі болып қана қойған жоқ. Сонымен бірге жан семіртер жан азығына айналды.

1. **Ана тілі жайлы жыр жолдарын, 8-сынып оқушыларының лебізін тыңдаңыздар.**

Ана тілі – атаңның, анаңның тілі, туған халқыңның тілі. Ана сүтіндей біртіндеп бойымызға сіңіреміз. Өнерлі, білімді, мәдениетті қоғамның белсенді азаматы болуды біз тіл арқылы үйренеміз.

Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды. Ол әр халықтың жазуы жоқта кітабы, мектебі жоқта ұстазы болған.Әр азамат өз ойын ана тілінде білдіріп, білімнің жемісін сол тілде таратады, шығармасын ана тілінде жазып қалдырады. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні, дәлірек айтқанда, тұтастай кескін келбеті. Өз тіліңді менсінбеу, бүтіндей Сахараны мекендеген халықты, өз халқыңды, ата-бабаңды, туған топырағыңды менсінбеу деген сөз.

2. **8-сынып оқушысы Бахытжан Анеляның «Ана тілімнің мәртебесі» таныстырылымын тамашалаңыздар.**

«Мен үшін адамзаттың тілі жұлдыз сияқты. Барлық жұлдыздар бірігіп аспанның жартысын жапқан үлкен жұлдызға айналса дегенге келіспеймін. Оның қажеті шамалы. Онсыз да Күн бар. Жұлдыздар жеке-жеке жарқырасын. Әркімнің өз жұлдызы болғаны дұрыс. Менің жұлдызым – авар тілі.
Таулықтарда «Ананың сүтімен дарыған тіліңді түсінбегір» дейтін жаман қарғыс бар.

Таулықтар ана тілін құрметтемейтін адамды қарғамайды. Тек оны еш сыйламайтын болады. Анасы баласының жаттың тілінде жазған жырын оқымайды,»-деп тебірене жазған авар жазушысы Расул Гамзатов. Авар тілінде сөйлейтін халықтың саны миллион ғана екен. Сонда да ана тіліне деген махаббатының тереңдігін қараңызшы. Ал бізде 16 миллион сөйлеушісі бар ана тіліміздің қадірі қандай деңгейде? Оны ұлықтау, мәртебесін көтеру- міне біздердің және болашақ ұрпақтың еншісінде.

**Көрініс: « Әлемдегі ең қымбат қазына»**

3. **11-сынып оқушыларының орындауында әдеби монтаж**

Құрметті ұстаздар, оқушылар Бүгінгі кешімізде ана тілімізді әлемге танытқан 2 дара тұлға туралы айтпақпыз. Сонау Кеңес Одағының қылышынан қан тамған кезде, өз өнерімен жұртты тәнті етіп, Париж халқын таң қалдырған Әміре Қашаубаев туралы 8-сынып оқушысы Аманова Зере дайындаған «Парижде ән салған Әміре» таныстырылымын тамашалаңыздар.

4. **Аманова Зере «Парижде ән салған Әміре»**
5. **Әміре жайлы бейнесюжет**
6. **8-сынып оқушысы Салқынбек Перизаттың орындауында «Ананың тілі» әнін қабыл алыңыздар.**

**Келесі сюжетіміз қазіргі таңда тек Қазақстан емес, әлем жұлдызы атанып тұрған әнші Димаш Құдайберген туралы.**

7. Слайд
8. Бейнесюжет

Міне сіздермен Димаш Құдайбергеннің және қазақ өнерпаздарының әлем сахнасында қазақша ән салып, Қазақстанын мақтан тұтқанын, домбыраның үнімен «Адай» күйін күмбірлеткенінің куәсі болдық. Осы күйді тыңдай отырып әр қазақтың қаны ойнап, мақтаныштан жүрегі атой салса, басқа ұлттар қалай түсінді екен? Дәл қазір әлеуметтік желіде жарияланған Ирина Тюрина атты желі қолданушысының жырын 8-сынып оқушысы Сапарәлі Айдана оқып берсін.

1. **Сапарәлі Айдана «Звук домбры» өлеңін мәнерлеп оқиды.**

Ия, құрметті көпшілік, бүкіл әлем Димаш арқылы біздің тілімізді үйреніп, мәдениетімізді зерттеп жатса, біз неге өз тілімізбен мақтанбасқа! Неге жырламасқа!

**Келесі тапсырмамыз «Сөз және оның мағынасы» деп аталады**. Менің қолымда ерекше кітап тұр. Ұларбек Нұрғалымұлының «Дайағашы» кітабы нағыз ұлттық құндылықтардың қаймағын сүзген кітап дер едім.

Осы кітапта мынадай үзінді бар:

Ұлт ұстазы Ахаң «Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады»,-дейді. Біз мұны сөздік қорымызда кейінірек пайда болған мемлекеттік тіл деңгейінде

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г Уткельбаева мен тәлімгер Р Миркибаеваның ұйымдастыруымен өткен «Бабамнан қалған нұрлы жұлдыз» атты әдеби-музыкалық кештен көріністер**


















